

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 28 тамыз 2025 жыл

«Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын пайдалану бойынша үш жылдық келісімшартқа қол қойылды

«Қазақстан–Қытай Құбыры» ЖШС қатысушыларының сырттай өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ пен «Қазақстан–Қытай Құбыры» ЖШС арасында «Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырын 2025–2027 жылдары пайдалану жөніндегі үш жылдық келісімшарт мақұлданды.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы аумағындағы магистральдық мұнай құбырының ұлттық операторы бола отырып, аталған құбыр іске қосылған сәттен бастап «Қазақстан–Қытай Құбыры» ЖШС оны пайдалануға қызмет көрсетіп келеді.

Шартқа қол қою тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға, осы бағыттағы мұнайдың тұрақты тасымалын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мұнай құбырлары жүйесін сенімді пайдалануға мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылады. Ұзындығы 5,2 мың шақырым магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісін иеленеді және ұзындығы 5 мың шақырымнан астам басқа ұйымдардың құбырларына операторлық қызметтер көрсетеді.

«Қазақстан–Қытай Құбыры» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) мен China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd. (50%) бірлесіп құрған бірлескен кәсіпорын. Серіктестік «Атасу – Алашанькоу» (ұзындығы 965,1 км) және «Кеңқияқ – Құмкөл» (ұзындығы 794,26 км) мұнай құбырларын жобалау, салу және пайдалану мақсатында құрылған. Бұл құбырлар Қазақстан–Қытай мұнай құбырлары жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**